

# Тақырып: Қазіргі әлемді түсінудегі әлеуметтану

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі  
Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Лектор: аға оқытушы Мухитов О.М.

Ақтөбе 2020

# Дәріс жоспары

1

Әлеуметтанудың зерттеу нысаны мен пәні

2

Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен байланысы

3

Әлеуметтанулық білімнің құрылымы


4

Әлеуметтанудың заңдары

5


Әлеуметтану ғылымының қызметтері (функциялары)

# 1. Әлеуметтанудың зерттеу нысаны мен пәні



Огюст Конт  
(1798-1857)

француз философы,  
әлеуметтанушысы,  
философиядағы  
позитивизм мектебінің  
негізін қалаушы  
Еңбегі - «Позитивтік  
саясат жүйесі, немесе  
Адамзат діндері негіздері  
туралы социологиялық  
трактат»




Макс Вебер  
(1864-1920)

неміс  
әлеуметтанушысы,  
әлеуметтік философ,  
тарихшы  
Еңбектері: «Түсіністікті  
әлеуметтанудың кейбір  
белгілері жөнінде»,  
«Әлемдік діндердің  
шаруашылық этикасы»

- \* XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында қоғам туралы ғылыми зерттеулер экономикалық, демографиялық, заңдық және өзге де аспектілерде бөліне бастады. Бұған әлеуметтанымдық зерттеулер де қосылды. Осы кезеңнен бастап қоғам дамуының жан-жақты құбылыстарын танып білуде оның әлеуметтік жақтарына көңіл аударуға байланысты әлеуметтану пәні қалыптаса бастады.
- \* Этимологиялық тұрғыдан алғанда «Социология» деген қоғам туралы ғылым. Бұл термин латынның *societas* (қоғам) және гректің *logos* (ілім) деген екі сөзден құралған, ал оны ғылыми қолданысқа енгізген, осы дербес ғылымның негізін салушылардың бірі саналатын француз ойшылы Огюст Конт. Сонымен «Әлеуметтану» – тарихи қалыптасқан әлеуметтік жүйелер дамуының, оның өмір сүруінің өзіндік заңдары мен заңдылықтары, жекелеген адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың халықтардың өміріндегі осы заңдардың әрекет ету механизмдері мен көріну формалары туралы ғылым. (П.А.Сорокин. Система социологий. Т.1.) Ал неміс ғалымы М.Веберге сүйенсек, әлеуметтану - әлеуметтік жүріс-тұрыстарды түсіну мен ұғындыруға ұмтылатын ғылым. Себебі, оның ойынша, әлеуметтік жүріс-тұрыс адамның қатынастарынан туындайтын оның позициясы. Қазіргі замандық ғылымда – әлеуметтану қоғамды әлеуметтік толық жүйе ретінде қарастыратын және осы жүйенің жеке тұлғалар, әлеуметтік қауымдар, институттар сияқты өзіндік құрамдас элементтері арқылы қызмет етуі мен дамуы туралы ғылым деген анықтама кең тараған.
- \* Әлеуметтанудың **зерттеу нысаны** (объектісі) – қоғам және оның өмір сүру, даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, құрамында топтары, таптары, жіктері, ұйымдары, ұлттары, халықтары бар әлеуметтік қоғам әлеуметтанудың негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Әлеуметтанудың зерттеу объектісінің ерекшелігі объективті өмірдің нақтылы реалдығымен байланысында.

Тарих барысында әлеуметтану пәні туралы түсініктер ауысып отырды. Мысалы, Ұлы француз социологі **Эмиль Дюркгейм** пәнді **әлеуметтік фактілер** деп көрсеткен. Қазіргі замандық ғылымда – әлеуметтану пәні әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік өзара әрекеттесулер, әлеуметтік қатынастар және оларды ұйымдастыру амалдары деп танылады. Немесе, тағы бір анықтаманы келтіретін болсақ - қоғамдағы жеке адамдар, әлеуметтік топтар, жіктер мен қауымдастықтар, институттар мен процестер тіршілігі мен қарым-қатынастарындағы, олардың іс-әрекеттеріндегі барлық проблемалық жағдайлар социологияның зерттеу пәні болып табылады. Сонымен, әлеуметтік, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар, оларды ұйымдастыру амалдары сияқты ұғымдар әлеуметтанулық білім пәнінің ерекшелігін түсінудің бастаулары болып табылады.

Жалпы айтқанда, әлеуметтану пәніне әлеуметтік ерекшелігі бар барлық байланыстар мен қатынастар жиынтығын жатқызамыз. Әлеуметтік дегеніміз қоғамдағы қарым-қатынастардың, индивидтердің бірлескен іс-әрекеттерінің жиынтығы, олардың қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен процестерге қарым-қатынасы. Қазіргі ғылымда «әлеуметтік» деген терминнің бірнеше мағынасы бар. **Біріншіден**, бұл термин адамдар арасында әлеуметтік байланыстардың болатындығын дәлелдейді. Осы мағынада «әлеуметтік» термині – қоғамдағы жасына, дүние-мүлкіне, ұлттық белгілеріне қарай ерекшеленетін адамдардың, түрлі қауымдардың өзара ықпалдары жүзеге асатын қоғамдық өмір өрісін анықтаумен байланысты. Ресей ғалымы Г.В.Осипованың айтуынша әлеуметтік деген, қоғамдық қатынастардың тұлғааралық деңгейдегі көрінісі. Шын мәнінде индивидтер өзара әрекеттесу процесі арқылы бір-біріне әсер береді, себебі олардың әрқайсысының өзіндік әлеуметтік сапа-қасиеттері бар.



Эмиль Дюркгейм  
(1858-1917)

француз әлеуметтанушысы,  
саясаттанушысы  
Дюркгейм "Әлеуметтанулық  
әдістің қағидасы" (1895) атты  
кітабында өзінің  
методологиясындағы басты  
қағиданы "әлеуметтік  
фактілерді заттар ретінде  
қарастыру керек" деп  
түйіндеді.

- \* **Екіншіден**, қоғамды тұтастай алғанда және оны табиғатпен салыстыру үшін кең мағынада қолданылады. Бұл ретте «әлеуметтік» термині «қоғамдық» терминімен теңеседі. Қоғам – әлеуметтің жоғары құрылымының жемісі. Сондықтан «әлеуметтік» сөзінің мағынасы «қоғамдық» сөзінен әлдеқайда кең.
- \* **Үшінші жағдайда**, Біз «әлеуметтік» терминің сөздің кең мағынасында, адамзат тіршілігінің өзіне ғана тән ерекшелігін бейнелейтін жаңаша сапада қолданамыз. Ол қоғамның әлеуметтік жағдайының барлық құбылыстарын, оның қарапайым түрлерін де, күрделі жүйелерін де, жекелеген әлеуметтік әрекеттерді де, сондай-ақ, дамыған әлеуметтік институттарды да қамтиды.
- \* Профессор Қ.Ғ.Ғабдулинаның пікірінше, социология мен әлеуметтенуды айыра білу керек. Себебі, қазіргі заманғы социология – осы ғылымды құрайтын бір-бірімен тығыз байланысты түрлі теориялар мен білімдердің жиынтығы. Сондықтан социологиялық зерттеулер әлеуметтік зерттеулердің негізін құрайды.
- \* Ал әлеуметтану болса экономика, құқықтану, халықтану (демография), мәдениеттану, этнология, психология және т.б. қоғамдық ғылымдарға байланысты қолданылады. Арнайы ғылыми түрде «әлеуметтану» термині әлеуметтік қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік қатынастардың құрлымын талдау, - деген мағынаны білдіреді. **Әлеуметтік** дегеніміз қоғамдағы қарым-қатынастардың, индивидтердің бірлескен іс-әрекеттерінің жиынтығы, олардың қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен процестерге қарым-қатынасы. «Әлеуметтануды» адамдардың қоғамдық өмірге қатысу негіздерін зерттеу ретінде түсінуге болады.

Әлеуметтану пәнінің қалыптасуы әруақытта оның категориялары арқылы жүзеге асырылады.

Категориялар (яғни, жалпы ұғымдар) өмірдің нақтылы шындығын, әлеуметтік құрылымның дамуындағы маңызды жақтарды, ондағы қатынастар мен байланыстарды бейнелейді. Олар осы қатынас байланыстардың тұрақты, қайталанын, маңызды түрлерін және құбылыстар мен процестердің өзара іс-қимылын көрсетеді. Бұл категориялар (яғни, жалпы ұғымдар) бір-бірімен тығыз байланыста, қатынаста болады, олар ешуақытта бір-бірінен бөлек, оқшау тұрмайды.

Категориялардың негізінде әлеуметтанудың заңдары қалыптасады. Әлеуметтанудың категориялары алуан түрлі болады. Бұған адам қоғамына тән қасиеттердің бәрі кіреді: «әлеуметтік жүйе»; «әлеуметтік байланыс»; «әлеуметтік қатынас»; «әлеуметтік процесс»; «әлеуметтік тұлға»; «әлеуметтік әлеуметтіктік бірлік»; «әлеуметтік құрылым»; «әлеуметтік ұйым»; «әлеуметтік институт»; «әлеуметтік бақылау»; «әлеуметтік басқару»; «әлеуметтік ережелер»(бұған құқықтық ережелер, оның жартылай бөлігі); «стратификация», «әлеуметтік рөл», «әлеуметтік статус», «әлеуметтік тәртіп», «әлеуметтік сана», «әлеуметтік талап-тілек», «әлеуметтік топ», «әлеуметтік мүдде», «әлеуметтік тұтыну», «әлеуметтік қауіпсіздік», «әлеуметтік қорғау», «әлеуметтік белсенділік», т.б.

Осыған орай кейбір категорияларға жеке тоқталайық.

Негізінде әлеуметтану екі үлкен категорияға басты назар аударды. Ол – қоғам және тұлға. Ал, қоғам туралы әлеуметтану мәселесі қозғалғанда төмендегі категориялар арқылы (жалпы ұғымдармен) зерттеу жүргізеді. Ол - «әлеуметтік бірлік». Бұл адамдардың арасындағы әр түрлі қарым-қатынастар. Осы қарым-қатынас, байланыстардың негізінде олардың күнделікті өмірі мен іс-әрекетінің мұң-мұқтажын, талап-тілектерінің бірлігі жатыр.

Әлеуметтік бірлестіктер қоғамды қайта құру, өзгерту субъектісі болып саналады және бұл - әлеуметтік субъектінің өзін-өзі ұйымдастыруның тұрақты түрі. Әлеуметтік бірлестіктің түрлеріне: отбасы, адамдардың әлеуметтік – таптық, топтық, әлеуметтік – демографиялық, ұлттық, территориялық, мемлекеттік және бүкіл адамзаттық қоғам бірліктері, қозғалыстары, т.б. жатады. «Әлеуметтік құрылым». Бұл өндірістегі қоғамдық еңбектің бөлінуінің реттелген жүйесі және осыған сәйкес меншікке, билікке, басқаруға, қоғамдағы адамдардың құқық және міндеттеріне қатынастарының жүйесі.

«Қоғамдық сана». Бұл қоғамның рухани құрылымның жиынтығы. Қоғамдық сана әруақытта тікелей немесе күрделі болып, қоғамдық сипатта болады. Яғни, ол жалпы қоғамға тән қасиет. «Әлеуметтік топ» - бұл қоғамның құрылымы, оның жікке бөлінуі, әлеуметтік теңсіздік; «тұлға» - бұл адамның әлеуметтік сапасы, оның мәні. Әлеуметтану тұлғаны талдап, зерттегенде әр түрлі ұғымдарды қолданады.

Әлеуметтік құндылық. Бұлар қоғамдық қатынастарды, мұң-мұқтажды, талап-тілектерді анықтайтын тұлғалық құнды нұсқаулар. Бұлар адамдардың тәртібінің іштей реттелуі, басқарылуы арқылы белгіленеді.

«Әлеуметтік нормалар» (ережелер) қоғамда қалыптасып, реттеліп отыратын ережелердің жиынтығы.

**ӘЛЕУМЕТТАНУ  
ПӘНІ  
(тұрғыдан)**

**ПОЗИТИВИСТІК:**  
қоғамдық даму  
заңдары

**ЖАЛПЫЛАУШЫ:**  
әлеуметтік  
байланыстар

**СУБЪЕКТИВТІ:**  
Әлеуметтік  
әрекет

**ОБЪЕКТИВТІ:**  
Әлеуметтік  
фактілер

**2-кезең.** Қолданбалы әлеуметтану XX ғасырдың 30-60 жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде әлеуметтанудың әдістемелік және әдістік аппаратын дайындау басталды, әлеуметтану эксперименталды (практикалық) ғылымға айналды.

**3-кезең.** XX ғасырдың 60-90 жылдарын қамтитын кезеңде әлеуметтанудың өзінің теорияларын, алуан түрлі ой-тұжырымдарын өмірде қолдана бастады. Қазіргі кезде Батыс елдерінде парламент және президент сайлауларының қарсаңында нақтылы әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп отырады.

Әлеуметтану  
ғылым  
ретінде өзінің  
даму  
жолында  
негізгі төрт  
кезеңнен өтті

**1-кезең.** Әлеуметтану XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 20-30 жылдарының басында қоғамдық құбылыстарды баяндау сипатында болды. Бұл кезеңде ол философиядан бөлініп шығып, қоғам, адам, осылардың дамуы туралы мәселелерді зерттеудің, түсіндірудің жаңа ғылыми, әдістемелік тұжырымдарын іздестіре бастады

**4-кезең.** Бүгінгі таңда әлеуметтану әлемдік шеңберде жүйелі білімге айналды. Бұл кезеңде әлеуметтану ғылымында алуан түрлі тұжырымдамалар, көптеген теориялар пайда болды.

## 2. Әлеуметтанудың басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен байланысы.

\* Әлеуметтану жеке дара емес, басқа да әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланыста дамып отырады. Әлеуметтанудың *әлеуметтік философиямен, тарихпен, саясаттанумен,* және басқа да ғылымдармен арақатынасын, өзара әсерін зерттеу аса маңызды. Әлеуметтанумен әлеуметтік философияның арақатынасы социологияның философия ғылымына жатпайтындығына, әлеуметтік философияға қарағанда қоғамның аясы тарлау заңдарын зерттеуіне байланысты. Әлеуметтану да әлеуметтік философия да қоғамды тұтастай интегралды құрылым ретінде қарастырады. Бұл – осы екі ғылым саласының тығыз байланысын көрсететін ортақ белгілері. **Әлеуметтік философия** әлеуметтанудың жалпы теориялық және методологиялық негізі болады. Қоғамның жалпы философиялық заңдарының, категориялардың, ұғымдардың ауқымына сия бермейтін өзіндік ерекше әлеуметтік байланыстары мен әсері, қырлары, жақтары, ерекшеліктері болады. Әлеуметтану осыларды зерттейді. Егер әлеуметтік философия өзінің дамуында қоғам туралы арнайы ғылымдардың жетістіктеріне тікелей сүйенетін болса, социологиялық зерттеулер басқа да қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, эмпирикалық тұрғыдан тексеруге болатын әлеуметтік деректерді жинау мен талдауға, жинақталған нақтылы қоғамдық дамуды **абстракциялы**



деледі. Ал әлеуметтік философия

\*

- \* Қоғам тарих ғылымының да зерттеу нысаны саналады. Тарих пен әлеуметтанудың **айырмашылығы** мынада: тарих қоғамның өткенін зерттеп, оның даму жолдарын нақтылы жүйемен түсіндіруге мән береді, ал социологияда қоғамның ағымдағы құрылымы мен өмір сүруіне көңіл аударылады. Социологтың міндеті негізінен қоғамның бүгінгі күйін талдау. Тарих пен социологияның арасында ортақтық пен өзіндік ерекшеліктер бар.
- \* Әлеуметтану **саясаттанумен** де тығыз байланыста. Мысалы, әлеуметтік қауымдастықтар, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар – саясаттанудың да социологияның да зерттеу нысаны. Бірақ та екуінің өзіндік айырмашылықтары да бар. Әлеуметтану қоғамның әлеуметтік құрылымы, адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұлттар мен халықтардың әлеуметтік мәртебесі, олардың өзара әсері, т.б. тұрғысынан қарастырады. Саясаттану болса, қоғамға азаматтардың құқықтары мен міндеттерін талдау тұрғысынан келіп, саяси жүйенің құрылымы мен саяси билік қатынастарын зерттейді; саяси институттар мен ұйымдардың орнын, ролі мен қызметін айқындайды. Социологиялық зерттеулер де саясаттануда кеңінен қолданылады.
- \* **Экономика** ғылымының әлеуметтанудан айырмашылығы сол, ол қоғамды тұтас жүйе түрінде емес, оның бір ғана экономика саласын зерттейді. Экономика ғылымы материалдық өндірісті, адамдардың экономикалық іс-әрекеттерін, т.б. тұтас түрінде зерттесе, социология толығымен экономика ғылымына арқа сүйейді. Сондай-ақ, әлеуметтану құқықтану, әлеуметтік психология, демография, мәдениеттану т.б. ғылымдармен де тығыз байланысты.
- \* Сонымен философия да, тарих та, саясаттану да, социология да қоғамды өз тұрғыларынан зерттейді: философия қоғамның дамуы мен өмір сүруінің жалпы заңдарын ашады; тарих осы заңдардың тарихи қозғалыста жүзеге асуын қарастырады; саясаттану қоғамның саяси жүйесі мен билік мәселелерін қарастырады; ал социология қоғам құрылымындағы осы жалпы заңдарды нақтылай түседі.

### 3. Әлеуметтанулық білімнің құрылымы.

Әлеуметтану ғылымын осы құрамдас бөліктерге бөліп қарастыруға болады:

- \* 1. Социумның өмір сүруі мен дамуының жалпы заңдылықтарын анықтауға бағытталған макросоциология түріндегі **жалпы теориялық әлеуметтану**;
- \* 2. Арнайы әлеуметтік теориялар мен бірге салалық социологияларды (әлеуметтік топтардың, қала, ауыл, білім, саясат, мәдениет социологиясы, насихат, еңбек, пікірталас социологиялары т.б.) қамтитын, әлеуметтік жүйенің жекелеген бөліктерінің әрекеттері мен өзара ықпалдасу заңдылықтарын, орта дәрежедегі қауымдастықтарды зерттейтін **орта деңгейдегі әлеуметтану**;
- \* 3. Әлеуметтік құбылыстар мен процестерді жеке адамдардың іс-әрекеті өзара ықпалдастығы, тәртібі, мінез-құлқы тұрғысынан зерттейтін **микросоциология**.



Әлеуметтану ғылым ретінде теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерінің өзара әсеріне негізделеді. **Теория** – ол практикалық тәжірибелерді талдап-қорыту мен қоғам және ой ойлау табиғаты заңдылықтарын көрсетуші ілім. **Эмпирия** – адамның тәжірибесі, сезім органдары арқылы қабылдау. Социология тарихында ХХ-ы ғасырдың басына дейін эмпирикалық және теориялық зерттеулер дербес түрде қатар жүріп келді. Әлеуметтік өмірді эмпирикалық зерттеулер, әсіресе өмір сүру жағдайлары, қалалардағы еңбек ету жағдайлары т.б. тек 17-18 ғасырларда дами бастады. Тек ХХ-ы ғасырдың басында көрнекті француз социологі Э.Дюркгеймнің еңбегінің арқасында дамыған форма ретінде осы екі бағыт бірікті.

•К.Маркс

•Позитивизм

•Биологиялық

•Г.Спенсер

•Географиялық

•Г.Бокль

•Неопозитивизм

•Антипозитивизм

•В.Дильтей

•Антропологиялық

•М.Шеллер

•Психологиялық

•Л.Уорд

•Эволюциялық

•Инстинктивизм

•У.Мак-Дугал

•Бихевиоризм

•Д.Уотсон

**Материализм** - материя, табиғат, болмыс алғашқы, ал сана, рух, ой- материяның қасиеті болғандықтан туынды деп санайтын, идеализмге түбірінен қарама-қарсы ғылыми-философиялық бағыт.

**Позитивизм** — нағыз ақиқат ғылымның жеке салаларында ғана пайда болып, қалыптасатын, философиялық зерттеулердің ешқандай танымдық құны жоқ деген тезиске сүйенетін философиялық бағыт.

**Неопозитивизм** – ХХ ғасыр позитивизмінің субъективті-идеалистік жаңа ағымы. Неопозитивизм өкілдері философияны теориялық таным ретінде мойындамай, философиядағы сана мен материя сияқты негізгі мәселелерді жоққа шығарды.

**Антипозитивизм** - бұл әлеуметтік ғылымдағы әлеуметтік сала табиғат әлемі сияқты зерттеу әдістеріне ұшырамауы мүмкін; ғалымдар әлеуметтік зерттеулер жүргізуде эмпиризм мен ғылыми әдістерден бас тартуы тиіс деген көзқарас.

**Психологиялық әлеуметтанудың** басты назары қоғамдық (топтық, ұжымдық) сананың, оның табиғатының, құрылымы мен қызметінің мәселелері болды.

**Психологиялық эволюционизм** ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басындағы Социологиялық ойдың ағымы болып табылады, оның өкілдері қоғамның даму процесін бағытталған сипатқа ие ғарыштық эволюцияның бір бөлігі ретінде қарастырды.

**Инстинктивизм** - адамның биологиялық табиғатына қарау арқылы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді түсіндіруге ұмтылған бағыт.

**Бихевиоризм** - іс-әрекет дағдысының мәні мен адам психологиясындағы қызметін түсіндіру.

**Көпшіліктік психологиясы** - шағын топтарда психикалық процестердің жиынтығын зерттейтін әлеуметтік психология саласы: ұйымшылдық, көшбасшыларды ұсыну, топтық шешімдер қабылдау

## Әлеуметтанудың құрылымы:

### 1) Мазмұндық:

- **Эмпирикалық деңгей.** Арнайы әдістерді пайдалана отырып, әлеуметтік өмірдегі шынайы фактілерді жинау мен талдауға арналған әлеуметтік зерттеулер жиынтығы
- **Теориялық деңгей.** Тұтас әлеуметтік жүйе мен оның элементтерінің даму үрдісін түсіндіруші көзқарастар, пікірлер, гипотезалар, пайымдаулар жиынтығы
- **Методологиялық деңгей.** Әлеуметтік білімнің қалыптасуы, жинақталуы мен қолданылуы негізіндегі қағидалар жүйесі

### 2) Мақсаттық:

- **Іргелі әлеуметтану.** Әлеуметтік шынайылықтың қалыптасуы жөніндегі білімнің, әлеуметтік даму үрдісін түсіну, сипаттау, түсіндіруге қатысты ғылыми мәселелерді шешеді.
- **Қолданбалы әлеуметтану.** Шынайы тиімді әлеуметтік нәтижелерге жетуге бағытталған теориялық модельдер, әдістер, зерттеу тәсілдері, әлеуметтік технологиялар, бағдарламалар мен ұсыныстар жиынтығы.

### 3) Масштабтық:

- **Макроәлеуметтану** (этностар, мемлекеттер, әлеуметтік институттар, топтар)
- **Микроәлеуметтану** (тұлғааралық қатынастар, топтардағы байланыстар үрдісі, күнделікті шынайылық саласы)

# Әлеуметтану міндеттері

Социологияның міндеттері – әлеуметтік жүйелерді типологизациялау, әр-бір әлеуметтік объектінің байланыстары мен қанастарын заңдылық деңгейінде зерттеу, түрлі әлеуметтік жүйелерді дұрыс басқару мақсатында заңдылықтардың әсер ету механизімі мен көріну формалары туралы нақтылы ғылыми білім алу. Әлеуметтанудың қоғам өміріндегі сан қырлы байланыстары, оның қоғамдық белгіленген мәртебесі ең алдымен оның атқарған міндеттері арқылы анықталады. Сондықтан социологияның міндеті – әлеуметтік болмысты және оны қайта құруды түсіндіретін екі қызметімен сипатталады. Әлеуметтік теорияларды шартты түрде басым бағытына қарай **іргелі және қолданбалы** деп екіге бөледі. **Іргелі** бағыттағы теориялар социологияның тұжырымдамалық аппаратын қалыптастыруға, зерттеу әдістерін айқындауға және ғылыми проблемаларды шешуге бағытталған. **Қолданбалы** теориялар қоғамның алға қойған практикалық мақсаттарына қол жеткізу құралдарын іздеуге көмектеседі.

- \* Сондықтан қолданбалы әлеуметтану «әлеуметтік инженерлік», «әлеуметтік технология», «әлеуметтік гигиена», «әлеуметтік терапия» сияқты ғылым салаларымен ұштасып отырады. Қолданбалы социология ұғымының енгізілуіне байланысты социологияның пәні де кеңейеді.
- \* Сонымен, әлеуметтанымдық білімнің мәні мен бағдары бойынша іргелі және қолданбалы болып бөлінуі жеткілікті шартты ұғымдар. Олардың кез-келгені тікелей немесе жанама болса да ғылыми және практикалық міндеттердің шешілуіне белгілі үлес қосады.

## 4. Әлеуметтанудың заңдары.

Әлеуметтік заң -әлеуметтік құбылыстар мен процестердің ең алдымен адамдардың әлеуметтік қызметінің барлық байланыстары немесе олардың іс-әрекетінің қасиетті, маңызы және мәнді көрінісі. Әлеуметтік заңдар түрлі индивидтер мен қауымдасулардың қызметінде байқалатын қатынастарды анықтайды. Бұл қатынастар халықтар, ұлттар, таптар, әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-кәсіптік топтар, қала мен ауыл, сонымен бірге қоғам мен әлеуметтік ұйымдар, қоғам мен еңбек ұжымдары, қоғам және отбасы, қоғам мен адам арасында болады.

- \* Әлеуметтік **заңдар** адам өмірінің барлық саласында әрекет етіп, таралу ортасына қарай ажыратылады. Әрекеттері шағын топтарға, белгілі бір әлеуметтік страттарға, әлеуметтік жіктер мен топтарға, ең соңында, социологиялық заң ықпалы қоғамға толық, немесе бір бөлігіне ғана жүреді.
- \* Басқа ғылыми заңдар сияқты әлеуметтік заңдардың да төмендегідей негізгі **белгілері** бар:
  - \* 1) заң белгілі бір шарттар қатал орындалғанда ғана күшіне енеді;
  - \* 2) бұл шарттар орындалғанда заң күшін жоймайды, барлық уақытта ештеңеге қарамастан әрекет етеді;
  - \* 3) заңның күшіне енуіне қажетті шарттар толығымен емес, жарым-жартылай, жуық шамамен іске асады.

- \* Заңдар әсер ету мерзіміне байланысты ажыратылады. **Жалпы заңдар** барлық қоғамның жүйесінде ықпал жасайды (мысалы, құн заңы, товарлы ақша қатынастары). Арнайы заңдардың ықпалы бір немесе бірнеше қоғамдық жүйелермен шектеледі (мысалы, қоғамның бір түрінен екіншісіне өтумен байланысты немесе капиталдың алғашқы қолданылуы заңдары). Әлеуметтік қауымдасу дәрежесі бойынша да ажыратылады. Әлеуметтік саланың тұтастай дамуын сипаттайтын заңдар да бар. Кейбір заңдар әлеуметтік саланың жекелеген элементтерінің дамуын анықтайды. Мәселен, таптардың, ұлттардың және т.б.
- \* Заңдарды көріну жолдары бойынша да анықтауға болады: **динамикалық және статикалық (стохастикалық)**. Мұның **біріншісі**, әлеуметтік өзгерістердің бағытын, факторлары мен формаларын анықтап нақтылы жағдайлар мен оқиғалардағы бір ізділік пен бір жақты, қатаң байланыстарды белгілейді. Ал, **статикалық** заңдар болса әлеуметтік құбылыстарды динамикалық заңдардай қатаң негізде белгілемейді. **Динамикалық заңдар** себептілік және функционалдық болып бөлінеді. Себептілік динамикалық заңдар әлеуметтік құбылыстар дамуының қатаң негізделген байланыстарына сүйенеді. Мысалға, бір әлеуметтік-экономикалық формациядан екіншісіне өтудегі өндіріс тәсілдерінің рөлі. Ал, **функционалдық динамикалық заңдар** болса әлеуметтік құбылыстар арасындағы эмпирикалық бақыланатын және қатаң қайталанылатын өзара байланысты бейнелейді.
- \* **Статикалық (стохастикалық)** заңдардың түрлеріне даму заңдары (мысалға, көпшіліктің материалдық және мәдени қажеттіліктерін үдете қанағаттандыру, өзін-өзі басқаруды дамыту) да, сонымен бірге жұмыс істейтін заңдар (айталық, еңбек ұжымындағы формальды және формальды емес құрылым, отбасындағы рөлдік міндеттердің бөлінуі) да қатыса алады

## 5. Әлеуметтану ғылымының қызметтері (функциялары)



**Гносеологиялық қызмет** бұл ғылымның танымдық құралдары жүйесінде жүзеге асады. Әлеуметтануда жекелеген бөліктерінің өмір сүру, даму заңдарын ашатын жалпы және арнаулы теориялар қолданылады. **Таным құралдарына** алғашқы эмпирикалық деректер жинаудың жолдары мен тәсілдері, мәліметтерді өңдеу, логикалық және математикалық фактілерді сипаттау және түсіндіру, яғни жаңа әлеуметтік білімдерді қалыптастыру жатады. **Таным процесі** әлеуметтік теорияларға, білімге мазмұндық және методологиялық жағынан жаңа теориялық, методологиялық парадигмаларды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұған сыншылдық қызмет те қосылады, ол зерттеліп жатқан нысандарды бағалаумен байланысты болғандықтан, аксеологиялық қызметпен толықтырылады. Нақтылы жағдай танылмайтын әлеуметтік факті ретінде көрінеді. Әлеуметтік құбылыстар үшін болжамдар жасалынуы аса маңызды шешім. Ол белгілі бір өзгерістерді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қоса сондай өзгерістердің іске асуының нақты мүмкіндіктерін де анықтайды. **Болжамдық қызмет** әлеуметтік жүйенің болашақтағы мүмкін боларлық келбетін сипаттау, қоғамның немесе оның жеке буындарының әлеуметтік дамуын ғылыми тұрғыдан болжау арқылы жүзеге асады.

\* **Әлеуметтік жобалау мен конструкциялау функциясы.** Әлеуметтану қоғамның қайта жасау, түрлендіру практикасына тікелей қызмет етеді. Әлеуметтік жобалаудың барысында әрбір ұйымның өмір сүруі, қызмет барысы жасалынады. Ұйымның өзі де, оның әрбір мүшесі де өздерін толық көрсете алатын, қоғамдық нәтижелерге қол жеткізетіндей жағдайда болуы керек. Сондықтан әлеуметтік жобалау мен конструкциялау барлық уақытта әлеуметтік процестің ақырын, қорытындысын анықтаумен байланысты. **Ұйымдастыру –технологиялық функциясы.** Бұл бағытта ұйымдастыру-технологиялық функция әлеуметтік жобалау функциясының заңды жалғасы болып шығады. Анықтап айтқанда, алға мақсат еткен әлеуметтік нәтижелерді жобасыз қол жеткізу мүмкін емес. Қоғамда әлеуметтік даму қызметінің қарқын алуына байланысты бұл функция аса күшті қолдау табады. Әлеуметтік жобалау, әлеуметтік технологияның құрылуы қоғамдық практиканың «әлеуметтік тапқыштық»/ социальное изобретательство/ деген жаңа құбылыстық қасиетін тудырады.

\* Әлеуметтану **басқару** қызметімен де тікелей байланысты. Әлеуметтанудың ғылыми нәтижелері-кепілдемелер, ұсыныстар, әдістер, субъектінің түрлі сипаттамалық бағалаулары, оның практикасы басқару шешімдерінің жасалуы мен қабылдануына бастапқы жөн сілтейтін материал болып табылады. Бұл міндет осындай басқару шешімін және оның жүзеге асу жолдарын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етіп отырады. **Инструментальды функция.** Әлеуметтану арнайы әдістерге ерекше мән береді. Осы бағытта әлеуметтанудың алғашқы ақпараттарын топтау, ізденістің әдістері мен инструментарийі, есепке алу, өлшеу, талдау мен өңдеу жұмыстары ерекше мәнге ие болады. Маңызды мәнді мәселе болып проблеманы шешудің ұжымдық ізденіс әдісі: ойдың ықпалы, миға шабул т.б. әлеуметтік қатынастарды қайта жасаудың жолдарын анықтаудың керек тәсілдері саналады.

## Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Әлеуметтану ұғымына анықтама беріңіз.
2. Әлеуметтану ұғымын ғылымға кім енгізді?
3. Әлеуметтік білімнің негізгі құрылымы, бағыттары қандай?
4. Саясаттанудың әлеуметтанудан айырмашылықтарын көрсетіңіз.
5. Әлеуметтанудың атқаратын қызметтері қандай?
6. Әлеуметтану заңдарының түрлері.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- \* 1. Абсаттаров Р., Дакенов М. Әлеуметтану. Алматы, 2004
- \* 2. Иекенов А.И. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004
- \* 3. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2007
- \* 4. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмагамбетова З.Н., Социология. Алматы, 2005
- \* 5. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: учебное пособие. Алматы, 2016
- \* 6. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
- \* 7. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
- \* 8. Волков Ю.Г., Мостовая И.В., Добренъков В.И. Социология: Учебник. М.: Гардарики, 2012.
- \* 9. Кравченко А.И. Социология: учебник для вузов. М., 2011.

---

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!

---